

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 4 (125)/2018

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2018
Astana, 2018

Бас редакторы
Молдажанова А. А.
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология)	А.Р. Ерментаева , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (социология)	Н.О. Байғабылов , PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Кажғалиева А.	докторант (Қазақстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатишы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-
Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31432)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof.(Kazakhstan)
A.A. Moldazhanova

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy) **G.Zh.Menlibekova**, Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **Н.О. Байғабдылов**, PhD (Қазақстан)

Editorial board

Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof (Russia)
Kazhaliyeva A.	Doctoral Candidate (Kazakhstan)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31432)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор
д.п.н., профессор
А. А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , д.п.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (психология)	А.Р. Ерментаева , д.пс. наук, проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (социология)	Н.О. Байгабылов , PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Иванова Г.П.	д.п.н. (Россия)
Исламова З.М.	к.п.н., доцент (Россия)
Кажғалиева А.	докторант (Казахстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Казахстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Сейтказы П.Б.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Сунарчина М.М.	д.с.н., проф. (Россия)
Толубекова Р.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Уразбаева Г.Т.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хан Н.Н.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	д.с.н., проф. (Турция)
Шайхисламов Р.Б.	д.с.н., проф. (Россия)
Шалғынбаева К.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сағпаева, 2, каб. 408,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31432)

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Әбелдына Ж.Қ., Әлімқұлова Ә.Ж., Молдумарова Ж.Қ., Молдумарова Ж.Е., Әбелдына Р.К.</i> Динамикалық виртуалды орта оқу сапасын арттыру факторы ретінде	8
<i>Байсалықова Ш.А., Баегизова А.С.</i> ЖОО-ғы білім беру барысында пәнаралық интеграция техникалық ғылым және технологиялар деңгейінде оқу үрдісіне пәнаралық интеграцияның даму тенденциялары	16
<i>Байсарина С.С., Әскербекова А.Е.</i> Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары	22
<i>Байсарина С.С., Сламбекова Т.С., Боранбаева М.С.</i> Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының ерекшеліктері	31
<i>Бурмистрова В.А., Исатаева М.С.</i> Студенттердің оқу және оқудан тыс зерттеу жұмыстарының интеграциялық ерекшеліктері: ғылыми-бағдарланған тәсілдеме	38
<i>Каратаева А.А., Рахимжанова Л.Б.</i> Информатика курсына экономикалық есептерді модельдеуге оқыту технологиясы	47
<i>Көксеген Ә.Е.</i> Информатика пәні бойынша ағылшын тілінде педагогтардың қайта даярлау және біліктілігін артыруға арналған on-line оқу орталығын жасау	56
<i>Нурлыбекова А.Б., Полатова С.Д., Сырлыбаева Э.М.</i> Университетте шетел тілін оқытудағы көптілді топтарда тиімді тәсілдерді қолдану	61
<i>Серік М., Мухамбетова М.Ж., Құлтан Я.</i> «Клиент-сервер технологиясы» курсы бойынша жоғары оқу орнында білім берудің дидактикалық негіздері туралы	68
<i>Туралбаева А.Т.</i> Фасилитациялау біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі	74
<i>Шалғынбаева Қ.Қ., Махадиева А. К.</i> Отбасындағы модельдің бұзылуы зорлық-зомбылықтың қайнар көзі	81

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Ерментаева А.Р., Әубәкірова Ж.Қ., Әуренова М.Д.</i> Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың рөлі мен маңызы	89
<i>Урузбаева Г.Т., Валиева А.Б., Айтышева А.М.</i> Әлеуметтік саладағы болашақ мамандардың этникалық күзіреттілігі	97

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Мәтібаев Т. Б.</i> Әлеуметтік ынтымақтастық: тұжырымдама	102
<i>Накипбаева Ж.А.</i> Жаһандану жағдайындағы әйелдердің халықаралық некелік көші-қоны	108
<i>Тұрсынбаева Б.Ж., Байгабылов Н.О.</i> Экологиялық сананы қалыптастырудың әлеуметтанулық аспектілері	114
<i>Урузбаева Н.А., Мусина К.П.</i> Қазақстанда өнімді жұмыспен қамту және бұқаралық кәсіпкерлікті дамытуды әлеуметтік-экономикалық талдау	121

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Abeldina Zh.K., Alimkulova E.Zh., Moldumarova Zh. K., Moldumarova Zh.E., Abeldina R.K.</i> Dynamic virtual environment as a factor in improving the quality of education	8
<i>Baisalikova Sh.A., Bayegizova A.S.</i> Development trends of interdisciplinary integration in the educational process of the university at the level of technological sciences and technologies ...	16
<i>Baisarina S.S., Askerbekova A.E.</i> Ways of organizing independent work of students	22
<i>Baisarina S.S., Slambekova T.S., Boranbaeva M.S.</i> Features of differentiated learning technologies	31
<i>Burmistrova V.A., Issatayeva M.S.</i> Features of the integration of training and extracurricular research work of students: a science-oriented approach	38
<i>Karatayeva A.A., Rakhimzhanova L.B.</i> Technology for training on modeling of economic tasks in the informatics course	47
<i>Koxegen A.E.</i> Creating on-line center for retraining and qualifications increasing the teachers computer science in English	56
<i>Nurlybekova A.B., Polatova S. D., Sirlibaeva E. M.</i> The usage of effective approaches in teaching a foreign language in the multilingual University groups	61
<i>Serik M., Mukhambetova M., Kultan J.</i> About didactic foundations of teaching in higher education by the client-server technology course	68
<i>Turalbayeva A.T.</i> Facilitation as one of the basic principles of the advanced training system ...	74
<i>Shalgynbayeva K.K., Makhadiyeva A.K.</i> Disruption of the family model as a source of violence	81

PSYCHOLOGY

<i>Yermentayeva A. R., Aubakirova Zh. K., Aurenova M.A.</i> Role and importance of subject-oriented psychological training of students	89
<i>Uruzbayeva G.T., Valiyeva A.B., Aitysheva A.M.</i> Ethnic competence of the future specialist social sphere	97

SOCIOLOGY

<i>Matibaev T.B.</i> Social cooperation: concept and essence	102
<i>Nakipbayeva Zh.</i> International marriage migration of women in globalization conditions	108
<i>Tursynbayeva B.Zh., Baigabylov N.O.</i> Social aspects of the formation of the ecological consciousness	114
<i>Uruzbayeva N.A., Mussina K.P.</i> Socio-economic analysis of the productive employment and mass entrepreneurship development in Kazakhstan	121

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абельдина Ж.К., Алимкулова Э.Ж., Молдумарова Ж.К., Молдумарова Ж.Е., Абельдина Р.К.</i> Динамичная виртуальная среда как фактор повышения качества обучения	8
<i>Байсалыкова Ш.А., Баегизова А.С.</i> Тенденции развития междисциплинарной интеграции в образовательном процессе вуза на уровне технологических наук и технологий	16
<i>Байсарина С.С., Аскербекова А.Е.</i> Способы организации самостоятельной работы студентов	22
<i>Байсарина С.С., Сламбекова Т.С., Боранбаева М.С.</i> Особенности дифференцированных технологий обучения	31
<i>Бурмистрова В.А., Исатаева М.С.</i> Особенности интеграции учебной и внеучебной исследовательской работы студентов: научно-ориентированный подход	38
<i>Каратаева А.А., Рахимжанова Л.Б.</i> Технология обучения моделированию экономических задач в курсе информатики	47
<i>Коксеген А. Е.</i> Создание on-line центра по переподготовке и повышения квалификации педагогов информатики на английском языке	56
<i>Нурлыбекова А.Б., Полатова С.Д., Сырлыбаева Э.М.</i> Использование эффективных подходов в обучении иностранному языку в полиязычных группах университета	61
<i>Серик М., Мухамбетова М.Ж., Култан Я.</i> О дидактических основах обучения в вузах по курсу «Клиент-серверные технологии»	68
<i>Туралбаева А.Т.</i> Фасилитация как один из основных принципов системы повышения квалификации	74
<i>Шалгынбаева К.К., Махадиева А. К.</i> Нарушение семейной модели как источник насилия	81

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.К., Эуренова М.Д.</i> Роль и значение субъектно-ориентированной психологической подготовки студентов	89
<i>Урузбаева Г.Т., Валиева А.Б., Айтышева А.М.</i> Этническая компетентность будущего специалиста социальной сферы	97

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Матибаев Т.Б.</i> Социальное сотрудничество: концепция и сущность	102
<i>Накипбаева Ж.А.</i> Международная брачная миграция женщин в условиях глобализации.....	108
<i>Турсынбаева Б.Ж., Байгабылов Н.О.</i> Социальные аспекты формирования экологического сознания	114
<i>Урузбаева Н.А., Мусина К.П.</i> Социально-экономический анализ развития продуктивной занятости и массового предпринимательства в Казахстане	121

FTAMP 04.51.21

Б.Ж. Тұрсынбаева, Н.О. Байғабылов

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: bayankz@mail.ru, n.baigabyl@mail.ru)

Экологиялық сананы қалыптастырудың әлеуметтанулық аспектілері

Аңдатпа. Ғылым мен ғылыми-техникалық прогресс қарқыны, қоғамның өндіргіш күштерді дамытуы, табиғи ресурстарды есепсіз пайдалану адамзат үшін экологиялық дағдарыс мәселесінің туындауына себеп болды. Ғаламдық деңгейдегі бұл мәселені шешуге ғылым мен техниканың бүгінгі жетістіктерін пайдалану жеткіліксіз. Сондықтан техникалық, экономикалық тұрғыдан шешім қабылдаумен қатар әлеуметтік тұрғыдан адамның экологиялық сана-сезімін қалыптастыру мен дамытудың рөлі зор.

Жаһандану үрдісі жүріп жатқан қоғамда ғаламдық сипат алған экологиялық сана ұғымын дамыту – «қоғам–табиғат» жүйесіндегі арақатынасты оңтайландырудың маңызды факторы. Келешек бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу, оның білімі мен біліктілігінің, мәдениетінің қалыптасуы да экологиялық сананың қалыптасуымен тығыз байланысты. «Экологиялық сана» термині қазіргі әлеуметтану, әлеуметтік экология және экологиялық психология секілді ғылымның барлық саласы үшін жаңа ұғым болып табылады. Сондықтан мақалада экологиялық сананы қалыптастырудың әлеуметтанулық аспектілері қарастырылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік экология, әлеуметтік белсенділік, экологиялық сана, жаһандану, әлеуметтік топтар, студент жастар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-125-4-114-120>

Кіріспе. Табиғат ресурстарының орасан зор қорына және қоғамның әлеуметтік белсенділігімен байланысты бірқатар шаралардың толық орындалмауы салдарынан Қазақстанның экологиялық саясатындағы қоршаған ортаны дамыту мәселелеріне аз көңіл бөлініп, кейінгі жылдары жағдай өзгере бастады. Экология үшін күрес қажеттілігі, адамдар өмірінің сапасын арттырудың жаңа мүмкіндіктері, прогресшіл технологиялардың әлемдік дамуына қатысу, экономикалық дамудың экологиялық тұрғыдан тиімділігін арттыруға талпыныс, халықаралық ынтымақтастық логикасы сынды себептер «жасыл экономиканы» құруға беталыс бойынша ұлттық күшті жандандыруға ықпал етті. ҚР Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында табиғат жағдайының қиын кезеңде тұрғанын нақты атап өтіп, «...экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің 20%-на себеп болып отыр [1. 15]. Қоршаған ортаны ластаушыларға берік тосқауыл қойылу қажет», - деген болатын. Сондықтан қазіргі жаһандану үрдісі жүріп жатқан дәуірде бұл мәселелердің тиімді шешілуі өскелең ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы олардың экологиялық сана-сезімін қалыптастыру барысында мүмкін болады. Себебі, экологиялық сана-сезім дегеніміз – адамзаттың табиғатпен үздіксіз байланыста екендігін түсінетін, адам денінің саулығы өмір сүру ортасына байланысты екенін мойындайтын жеке адамның және көпшіліктің қабілеті, қоғамдық сана-сезім түрі.

В.И.Вернадский өз зерттеулерінде «экологиялық сана – адамның дүниеге, өзіне шығармашылық қарым-қатынасы» деп тұжырымдайды [2, 19]. Э.В. Гирусов экологиялық сананы «табиғи ортамен қоғамның арақатынасы проблемаларын нақты әлеуметтік және табиғи мүмкіндіктерге сәйкес тиімді шешуді көрсететін көзқарастардың, ілімдердің және сезімдердің жиынтығы» деп қарастырды [3].

Экологиялық сананың құрылымын зерттей келіп, ғалымдар одан экологиялық білімді, оның деңгейлерін – тұрмыстық және ғылыми-теориялықты бөліп көрсетті. Экологиялық білімнің тұрмыстық деңгейіне діни түсініктер мен дәстүрлерді, ал ғылыми-теориялық деңгейге ғылыми тұжырымдамалар, ұғымдар және т.б. жатқызады.

Сонымен, экологиялық сана – нақты әлеуметтік және табиғи мүмкіндіктерге сәйкес қоғам мен табиғаттың арақатынасының проблемаларын тиімді шешудегі көзқарастар,

теориялар және сезімдердің жиынтығы. Экологиялық сананы қалыптастыру экологиялық ережелерді адамның табиғатқа қарым-қатынасында бір мезгілде мінез-құлық ережелеріне айналдырып, адамның көзқарастары мен түсініктерін қайта құруды ұсынады.

Осымен байланысты, **зерттеу жұмысының мақсаты** – әлеуметтік экологияның соңғы жылдары жаһандану үрдісінің қарқынды жүруімен байланысты экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастырудың аспектілерін әлеуметтанулық тұрғыдан қарастыру болып табылады.

Зерттеу тарихы. ХХ ғасырдың басында «қоғам–табиғат» арасындағы өзара байланысты алғаш боп Э.У. Берджесс, Р.Э. Парк, В.И. Вернадский, П. Тейр де Шарден, К.З. Циолковский сынды көптеген ғалымдар мен әлеуметтанушылар өз еңбектерінде қарастыра бастады. «Экологиялық ойлау» туралы зерттеулерге алғашқылардың бірі боп Н.А.Бердяев тоқталды. Экологиялық ойлау мәселелерін 1920 жылдары Л. Леви-Брюль, 1950 жылдары Л.Н. Гумилев зерттеді. Ал, табиғаттың қоғамға ықпалын 1970 жылы А.Л. Чижевский, 1980-1990 жылдары Р. Атфилд, Л. Уайт, П. Казначеев, Е.А. Спиринов, В.А. Кутырев, Н.Н. Моисеев, т.б. өз зерттеулерінде қарастыра бастады.

Чикаго әлеуметтану мектебінің өкілдері Р.Парк пен Э.Берджесс өз еңбектерінде әлеуметтік экологияның негізгі терминдері мен ережелеріне алғаш анықтама берген болатын. Э. Берджесспен бірлесе отырып жариялаған «Қоғам ғылымына кіріспе» (1921 ж.) атты кітабында «адам экологиясы», «мәдени қауымдастық», «әлеуметтік тәртіп» терминдерін алғаш қолданған болатын. Р. Парк пен Э. Берджесс қалалық өмір салтын зерттей келе, жалпыбиологиялық (эволюция заңы, тіршілік үшін күрес) және әлеуметтік (әлеуметтік ұжым, бәсекелестік, қоғамдағы тәртіп пен тепе-теңдік) заңдылықтарды біріктіруге тырысты [4, 3 б.].

Р. Парктің пікірінше, «әлеуметтік экология үдерісі биотикалық деңгейден басталып, бәсекелестіктің мәдениетті деңгейіне бағытталады» [5]. Р. Парк адамдардың ұжымдық мінез-құлқын олар өздері құрған ортамен тығыз байланыстыра отырып зерттеді. Бұл ортаны Р. Парк «биотикалық орта» (биологиялық емес) деп атады. Биотикалық ортаның биологиялықтан айырмашылығы, ол өзіне әлеуметтік-психологиялық және мәдени факторларды біріктіреді. Даралықтар белгілі бір кеңістікті («зона») басып алып, сонда орналасады. Экономикалық, саяси, мәдени сияқты нақты әлеуметтік көріністер популяция мен ортаның өзара әрекетінің экологиялық негізінде дамиды.

Р. Парктің пікірінше, адамзат қауымдастығы халық, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды біріктіретін мәдениет, технологиялық жаңалықтар және табиғат ресурстарынан құралады. Ал, әлеуметтік қатынастар 4 принципке негізделеді: ұжым, бәсекелестік, аккомодация және ассимиляция [6].

1936 жылы Р. Парк «әлеуметтік экология» ұғымын өз еңбегінде алғаш қолданып, біріншіден, биотикалық баланс пен әлеуметтік тепе-теңдіктің шегіне жеткен кездегі үдерістер, екіншіден салыстырмалы тұрақтылықтың бір күйінен екінші күйге ауысу үдерістерінің негізін зерттеу деп түсіндіреді. Сонымен қатар, әлеуметтік-тарихи үдерістерді қоғамның тепе-теңдігін сақтап тұратын тіршілік ортасы ретінде қарастырды: ол тұрақты бола алады немесе жойылады (популяция, яғни социумның өзгеруіне ықпал ететін тіршілік ортасының өзгеруіне әкеледі). Осылайша, әлеуметтік экологияның ортақ проблемасы – тепе-теңдік пен дағдарыс мәселесі, ал тепе-теңдіктің бұзылу себептерін зерттеу – әлеуметтік экология саласындағы ғалымдардың міндеті болып табылады.

Роберт Парктің әлеуметтік-экологиялық ілімі қоғамның жеке құбылыстарын, қоғамдастықтарын зерттеуге негіз болды. Оның қала экологиясы туралы идеясын Эрнст Берджесс дамытты. Э. Берджесс (1886-1966) дамытқан қала әлеуметтануындағы қолданбалы зерттеулер күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның 1923-1924 жылдары жасаған Чикаго қаласының әлеуметтік зерттеулер «картасы» бойынша қала 75 «табиғи зонаға»

және үш мың жеке қауымдастықтарға бөлінеді [4, 12]. Р. Парк пен Э. Берджесстің идеясын Роберт Маккензи жалғастырып, мәдени және техникалық факторларды да қамти отырып дамытты.

Ал, «экологиялық сана» термині қазіргі әлеуметтану, әлеуметтік экология және экологиялық психология секілді ғылымның барлық саласы үшін жаңа ұғым болып табылады. Экологиялық сананы зерттеу қажеттілігі ХХ ғасырда, яғни қоғамда экологиялық мәселелерге, дағдарысқа, түптеп келгенде ғаламдық экологиялық апатқа әкеліп соқтыратын үдерістер орын ала бастаған кезеңде ғана пайда болды. Осыған байланысты экологиялық сананың қалыптасуы мәселесінің пайда болуына «адам–қоғам–табиғат» жүйесіне философиялық, экологиялық, психологиялық және әлеуметтік зерттеулер жүргізу ықпал етті.

Ғалымдар бірнеше онжылдық бұрын «экологиялық сана» категориясын жеке ұғым ретінде қарастырып, оның құрылымын анықтауға көңіл бөле бастады. Осыған дейін бұл термин «экологиялық даналық», «экологиялық ойлау», «табиғатты қорғауды ойлау» секілді ұғымдармен алмастырылып келді. Жүргізілген зерттеулер мен түрлі тұжырымдар барлық ұғымдарды біріктіріп, «экологиялық сана» терминін немесе оның қысқартылған нұсқасы «экосананы» қолданысқа енгізуге алып келді.

1970-1980 жылдары Р.У.Биджиев, Э.В. Гирусовтың экологиялық сананы философиялық ойлаудың феномені ретінде қарастыру бағытындағы еңбектері жарияланды. Осы кезеңде көптеген шетелдік зерттеулерде экологиялық сана-сезімнің алғашқы теориялық концепциялары және соның негізінде жүргізілген эмпириялық зерттеулер көрініс таба бастады. Ал, К.Д. Ван Лир, Р.Х. Вейгель, Дж. Вейгель, Р.Э. Дэнлап, Й. Кляй, М.П. Мэлони, М.Й. Розенберг, М.Д. Уорд т.б. ғалымдар экологиялық сана туралы әртүрлі тұжырымдарды алға тартты. Әсіресе, 1980 жылдары жарияланған А.Н. Кочергин, Н.Г. Васильев, Ю.Г. Марковтың биосфераны сақтап қалу үшін экологиялық сананың қалыптасуы және таралуымен байланысты ноосферадағы қоғамның алдағы уақыттағы тіршілігі туралы теориялық зерттеулерін атап өтуге болады. Тағы бір атап өтетін жайт, 1980-1990 жылдары теориялық және эмпириялық тұрғыдан экологиялық сана ұғымы жан-жақты талданып, В.В. Бахарев, С.Д. Дерябо, Т.В. Биджиев, Р.У. Биджиев, т.б. тарапынан зерттелді.

Классикалық әлеуметтануда қоршаған орта мен табиғат «шеткері немесе мүлдем жоқ» деп түсіндіріледі. 1980 жылдары Н. Луманның пікірінше, «қоршаған қоғам үшін тіршілік ортасы болып табылатын барлық нәрсе ғылыми білімдерді анықтау нысаны болып табылды» [7, 128]. Неміс ғалымы осы пікірі арқылы әлеуметтанушылардың назарын экологиялық сана феноменіне аударды.

Б.Т. Лихачев өзінің «Экологиялық сананың құрылымы және оны қалыптастырудың педагогикалық негіздері» атты ғылыми мақаласында экологиялық сананы табиғатта, қоғамда (социумда) және жеке тұлғада тірі ағзалардың қоршаған ортамен және бір-бірімен өзара тәуелділігі, тұрақты тепе-теңдігі, заңды байланыстары туралы адамның меңгерген және жинақтаған білімі, ағзаның қоршаған ортада тіршілік етуінің экологиялық эталондары мен нормалары туралы білімі ретінде анықтайды [8]. Ғалымның пайымдауынша, экологиялық сана психикада туындап, экологиялық тәрбие мен тәжірибенің негізінде жетіліп, экологиялық сананың қоғамдық формаларына, экологиялық философия, экологиялық идеология, экологиялық мәдениет және жеке тұлғаның тіршілік бейнесі ретінде қайта жаңарады. Экологиялық сананың құндылығы артқан сайын соғұрлым жеке тұлғаның экологиялық мәдениеті де жоғары болады.

Академик Б.Т. Лихачев экологиялық сананы қалыптастырудың төмендегідей негізгі бағыттарын көрсетті [8]:

- ғылыми білімділік,
- табиғатты пайдалану мен табиғатты қорғау,

- тәрбиелілік.

Экологиялық тәрбиенің бұл бағыттары ғалымның пікірінше, экологиялық сананың барлық негізгі аспектілерін қамтиды, ол табиғи ортаға іс-әрекеттік тәжірибелік, эмоционалдық-сезімдік қарым-қатынасқа сүйенеді. Бұл жеке тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыруда сана мен мінез-құлықтың, сөз бен істің, сенім мен қылықтың арасындағы қауіпті алшақтықтан сақтандырады.

Әлеуметтанушы ғалымдардың қызығушылығы экологиялық сананы микроәлеуметтанулық зерттеулерде жеке қарастыру, әрі қоғамның әр түрлі топтарының экосанасын зерттеу барысында да қолдану болып табылады. Алайда, әлеуметтану ғылымының зерттеу нысаны жеке индивидтің немесе қоғамның экологиялық санасы ғана емес, тұтас қала тұрғындарының экологиялық санасы. Себебі, қала тұрғындары қоғамның ірі әлеуметтік топтарын құраушы өкілдерді және олармен байланысты қаладағы экологиялық жағдайды қалыптастырады. Әлеуметтанушы ғалымдар тарапынан ұсынылған төмендегідей тұжырымдамалар мен идеяларға шолу жасасақ:

- Чикаго әлеуметтану мектебінің өкілдерінің (Э.У. Берджесс, Р.Э. Парк) әлеуметтік экология тұжырымдамасы. Тұрғындар өздерінің тұрмыс-тіршілігін нақты бір өмір ретінде қабылдап, қаланың белгілі бір «табиғи құрылымына» негіздейді. Осындай бейімделулердің нәтижесінде тұрғындардың өздерін қоршаған ортамен – табиғатпен, кеңістіктік ұйымдармен, қала аумағының әкімшілік-саяси және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымымен тығыз байланысы пайда болып, «табиғи ареалдар» қалыптасады [4, 27].
- «Экологиялық байланыс» тұжырымдамасы (Н. Луман). Қоғам – ашық жүйе. Экологиялық мәселелер – оның тепе-теңдігін бұзатын бірден-бір факторлар. Алайда қоғамның өз ішінде тепе-теңдік қалпын сақтап тұратын және құрылымның сыртқы факторларының қызметін реттеуші факторлар болады [7, 128]. Осы факторлардың ішіндегі ең маңыздысы – ажырамас бөлігі экологиялық сана болып табылатын қоғамдық сана-сезім.
- Экологиялық сана идеясы постматериалистік құндылық ретінде (Р. Инглехарт). Постматериалистік құндылықтардың дамуының іргетасы материалдық жағдай болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау тақырыбының өзектілігі қоғамдағы постматериалистік құндылықтардың қарқынды дамуымен пайда болады. Қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешуге жаппай кірісу және экологиялық сананы қалыптастыруды дамыту тұрақты материалды жағдаймен байланысты [8].
- «Тәуекел қоғамы» тұжырымдамасы (У. Бек). Әлеуметтік және экологиялық даму бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Материалдық қажеттіліктерді өндіру «экологиялық тәуекелге» баруды қажет етеді. Әлеуметтік жағдай объективті бар болып табылатын экологиялық қауіпсіздікті түсіну және қабылдауға ықпал етеді: қолдау көрсетеді немесе экологиялық сана-сезімнің өсуін тоқтатады [9]. Экологиялық сана экологиялық және әлеуметтік мінездің алғышарттарына негізделеді.
- Қоғам мен табиғаттың оңтайлы және тепе-тең байланысы туралы идея (А.Н. Кочергин). Аталмыш өзара байланыс биосфераның ең жақсы қалпын сақтай отырып, ноосфераны қалыптастыру экологиялық сананы дамыту нәтижесінде ғана мүмкін болмақ.

Ал, Н.В. Маслованың пікірінше, экологиялық ойлауды бағаламау және экологиялық емес білім негізделген жағдайда әрбір жас буын өзінің іс-әрекетінің биоадекватты құралы мен мақсатын білмей тұра экологияны қалпына келтіруге тырысады. Тек экологиялық ойлау ғана саналы таңдау мен экологиялық өмірдің пайдасына сай мінез-құлықты білдіреді,

«Мен» концепциясының қалыптасуы, «Мен табиғаттамын», табиғатқа деген махаббатың болуы, адамның табиғаттағы өз орнын сезінуі, тұтынушылық және жыртқыштық, «Мен – табиғат патшасымын» концепциясына, эго-өмірге қарағанда табиғатпен бірге болуды білдіреді.

«Қазіргі замандағы білімнің мәнін құрушы болып табылатын, өскелең ұрпақтың шынайы экологиялық ойы мен санасын қалыптастыру қажет» деп есептейтін Н.В. Маслованың ойына толық қосылуға болады.

Қорытынды. Экологиялық сананы қалыптастыруда мәдениетті жоғарылатудың негізі – экологиялық тәрбие беру. Сонымен қатар, экологиялық сана-сезімнің қалыптасуына әлеуметтік институттардың әсері үлкен. Саясаттың, құқықтың, идеологияның, өнердің құндылықтары мен нормалары «қоғам–адам» жүйесінде өзінің ерекше белгісін қалыптастырады және экологиялық сананың институционалдық аспектіні құрайды. Экологиялық сананың даму деңгейі – қоғамның жетілгендігін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Экологиялық сананың қалыптасуындағы әлеуметтік институттардың біріге отырып жасалған іс-әрекеті – қазіргі заманғы экологиялық тоқырауды өткерудің маңызды факторы, «адам–қоғам–табиғат» жүйесіндегі қарым-қатынастарды үйлесімді етудің құралы болып табылады.

Экологиялық білім үдерісінің негізінде жатқан және бұл жүйеге экологиялық бағытты беретін ғылыми танымды экологияландыру бүгінгі күні қоғамдық қажеттіліктердің бірі болып табылады. Ондай әлеуметтік қажеттіліктерді іске асыру келесі алгоритмдерді болжайды:

1. Білімнің экологиялық-дүниетанымдық жүктемесін күшейту.
2. Мектепке дейінгі, бастауыш, орта және жоғары оқу орындарында білім беруді экологияландыру.
3. Әлеуметтік тәжірибенің сол саласындағы мамандарды дайындау.

Қорытындылай келе, тұлғаның экологиялық білімділігінің маңызды критерийі «адам–қоғам–табиғат» жүйесі қызметінің ерекшеліктері саласында білімінің, сонымен бірге қалыптасқан әдет, дағдысының, ұйымның тәжірибесінің, табиғатты қорғау іс-шараларына қатысуының болуы деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». -Алматы: Жеті Жарғы, 2005. -136.
2. Вернадский В.И. Философские мысли натуралиста. -М.: Наука, 1988. -19с.
3. Гирусов Э.В. Природные основы экологической культуры // Экология, культура, образование: Матер. Междунар. конф., Москва, Россия, 1989. – Москва, 1989. – С. 11-18.
4. Park R.E., Burgess E.W. Introduction to the Science of Socioloty. -Chicago. 1991. -P.1-30.
5. Парк Р. (Пер. с английского: Светлана Баньковская) Город как социальная лаборатория // Социологическое обозрение - 2002. – Т.2. № 3. - С. 3-12.
6. Парк Р. Избранные очерки: Сб. переводов // РАН ИНИОН. Центр социал. науч.-информ. исслед. Отд. социологии и социал. психологии; Сост. и пер. с англ. В.Г. Николаев; Отв.ред. Ефременко Д.В. - Москва, Сер. «Теория и история социологии» - 2011. – П18. -320 с.
7. Luhmann, N. *Okologische Kommunikation: Kann die moderne Gesellschaft sich auf ökologische Gefährdungen einstellen?* / N. Luhmann. – Opladen, 1990. - 128 p.
8. Стегний А.Г. Терминология экологической проблематики. Критический анализ // СОЦИС. - 1999. №10. – С. 128-134.
9. Механизмынаучногоисоциокультурноговзаимодействия(Феноменэкосознания)//Социальные трансформации (Выпуск 10): Материалы международного колоквиума. –Смоленск, 2006. –240 с.

Б.Ж. Турсынбаева, Н.О. Байгабылов

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан*

Социальные аспекты формирования экологического сознания

Аннотация: Темп научно-технического прогресса, стремительное развитие производительных сил общества, интенсивное использование природных ресурсов вызывают последствия, способные поставить человечество на грань экологического кризиса. При этом использование только достижений научно-технического прогресса для решения экологической проблемы явно недостаточно. Сегодня уже не вызывает сомнений тот факт, что именно человек, в конечном счёте, является определяющим фактором в установлении рациональных взаимоотношений с природой. Поэтому наряду с техническими, организационными, экономическими проблемами, многое зависит от экологического сознания и поведения людей.

В эпоху НТР роль экологического сознания настолько значительна, что оно приобретает общепланетарные черты, и становится важнейшим фактором оптимизации отношений в системе «общество-природа». В этой связи целью работы является раскрыть социальное содержание, закономерности формирования экологического сознания. Экологическое сознание рассматривается как высший уровень психического отражения природной и искусственной среды, своего внутреннего мира, рефлексия места и роли человека в биологическом, физическом и химическом мире. Также в статье раскрывается сущность понятие «экологическое сознание» с точки зрения социологической науки.

Ключевые слова: социальная экология, социальная активность, экологическое сознание, глобализация, социальные группы, студенческая молодежь.

B.Zh. Tursynbayeva, N.O. Baigabylov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Social aspects of the formation of the ecological consciousness

Abstract: The pace of scientific and technological progress, the rapid development of the productive forces of society, the intensive use of natural resources cause consequences that can put humanity on the verge of an ecological crisis. At the same time, using only the achievements of scientific and technological progress to solve the environmental problem is clearly not enough. Today, there is no doubt that the person, in the final analysis, is the determining factor in establishing rational relationships with nature. Therefore, along with technical, organizational, economic problems, much depends on the ecological consciousness and behavior of people.

In the era of the scientific and technological revolution, the role of ecological consciousness is so significant that it acquires planetary features and becomes the most important factor in optimizing relations in the «society-nature» system. In this connection, the goal of the work is to reveal the social content, the patterns of the formation of ecological consciousness. Ecological awareness is being explored as the highest level of the rapid development of a beautiful and well-preserved environment, the inner world, the reflection of the world and the person in the biologic, physical and chemical world. Also in the article the essence of the concept «ecological consciousness» is revealed from the point of view of sociological science.

Keywords: Social ecology, social activity, ecological consciousness, globalization, social groups, student youth.

References

1. Nazarbaev N.N. «Kazakhstan - 2030» [Nazarbaev N.N. «Kazakhstan - 2030»] (Zheti Zhargy, Almaty, 2005).
2. Vernadskij V.I. Filosofskij mysli naturalista [Philosophical thoughts of naturalist] (Nauka, Moskva, 1988).
3. Girusov E.V. Prirodnye osnovy ekologicheskoi kul'tury [Natural bases of ecological culture]. Materialy Mezhdunarodnoj konferencii, "Ecologija, kul'tura, obrazovanie" [Materials of International conference]. Moscow, 1989, pp. 11-18.
4. Park R.E., Burgess E.W. Introduction to the Science of Sociology [Введение в социологическую науку] (Chicago, 1991).
5. Park R. (Perevod s anglijskogo: Svetlana Ban'kovskogo) Gorod kak social'naja laboratorija [City as a social laboratory], Sociologicheskoe obozrenie [Sociological review], **14**, 3-12 (2002). [in Russian]
6. Park R. Izbrannye ocherki: Sb. Perevodov [Selected Essays: Translation Collection], RAN INION . Centr social. nauchn.-inform. issled. Otd. sociologii i social. psihologii; Sost. i per. s angl. Nikolaev V.G., Otv. red. Efremenko D.V. (ISSS RAS. Center for Social Scientific Information Research. Department of Sociology and Social Psychology; Compiled and translated from English by Nikolayev V.G.; Editor-in-Chief Efremenko D.V.). **18**, 32 (2011). [in Russian]
7. Luhmann N. Okologische Kommunikation: kann d. moderne Gesellschaft sich auf ekolog. Gefährdungen einstellen [Environmental communication: Can modern society adapt to environmental dangers?] (Opladen, 1990).
8. Stegnij A.G. Terminologija jekologicheskoi problematiki. Kriticheskij analiz [Terminology of environmental issues. Critical analysis], SOCIS [SocRes], **10**, 128-134 (1999). [in Russian]
9. Mehanizmy nauchnogo i sociokul'turnogo vzaimodejstviya (Fenomen ekosoznaniya) [Mechanisms of scientific and socio-cultural interaction (the phenomenon of eco-consciousness)]. Materialy mezhdunarodnogo kolokviuma "Socialnye transformasii" [International Colocvium Materials]. Smolensk, 2006. 240p.

Авторлар туралы мәлімет:

Тұрсынбаева Б.Ж. – Әлеуметтану кафедрасының 2 курс (PhD) докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан.

Байгабылов Н.О – PhD, Әлеуметтану кафедрасының доценті м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан.

Tursybayeva B.Zh. – (PhD) doctoral student 2 years of the Department of sociology, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street, 2, Astana, Kazakhstan.

Baigabylov N.O. – PhD, Associate Professor of the Department of Sociology, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street, 2, Astana, Kazakhstan.